

«Алтын бесік 1» бөбекжай балабақшасы

*«Балабақшадағы жас мамандарға
көмек» атты кеңес*



КЕНЕН

«Балабақшадағы жас мамандарға көмек» атты кеңес.

Сәлеметсіздер ме, құрметті әріптестер!

«Жас маманға көмек» атты кеңеске қош келдіңіздер.

Шаттық шеңбері.

Бір-біріне гүл ұсыну арқылы өздерін таныстыру.

Бүгінгі тақырыбымыз «Балабақша мен ата –аналар арасындағы қарым -қатынас». Ж педагогтың мамандыққа кіру кезеңі оның басына және кәсіби дамуына байланысты кобалжушылық пен маңыздылық ерекшеленеді. Кәсіби дамуына байланысты, жаңа көріне бастаған тәрбиеші мектепке дейінгі білімде өзін-өзі кәсіпқой ретінде бола ал ма, әлде өзін басқа өрісте таба ма? Кәсіби қызметін жаңа бастап жүрген тәрбиеші мектепке дейінгі білімінің мақсаттарына назар аудару мен қазіргі педагогикалық тәсілдер мен технологияларын, комуникативті мәдениеттерін меңгеру керек.

Жас маман өзінің кәсіби қалыптастыруында бірнеше кезеңдерден өтеді:

1 кезең: 1 жұмыс жылы: жас маманға бейімделуге көрсетіп жүрген әріптестерге бұл өте қиын кезең.

2 кезең: 2-3 жұмыс жылдары: тәжірибе жасау, балалармен жақсы жұмыс істеу үшін әдістер мен тәсілдер іздеу, жұмыста өз стилін қалыптастыру, балалар арасында беделді баланы, ата-ананы, әріптесті анықтау.

Тәрбиеші өз мекемесінде немесе басқа балабақшада әріптестердің жұмыс тәжірибелерін анықтайды. Өзінің кәсіби шеберлігін ашық сабақтарға, тәрбиешілерд есеп беру шараларына қатысып арттырады. Балабақшаның деңгейінде көрсетілетін сабақтарға белсенді қатысады.

3-кезең: 4-5 жұмыс жылдары: жұмыс жүйелігі жеке жұмыс жоспарының зерттемесі қалыптасады. Тәрбиеші жұмысына жаңа технологиялар сіңіреді.

4-кезең: 6 жұмыс жылы: жетіледі, өз-өзін дамыта, өз жұмысының тәжірибесін жинақтайды. Әр тәрбиешінің белгілі кезеңдерден өтуі ерекше. Жас маман бірнеше і әдіскердің басшылығымен сынақ мерзімін ең тәжірибелі әріптесте өтеді. Сынақ мерзімі уақытында жас маман тәжірибеленушілермен ата-аналармен, тәрбиешінің көмекшісімен, топтың күн тәртібімен жүргізілетін жұмыстармен танысады. Әдіскер қатысуымен пайда болған сұрақтар талқыланады. Бірінші күн ең қиын, сондықтан я маманның бейімделуі мектепке дейінгі мекемеде психологиялық ахуалға, жұмыс шарттарына байланысты.

«Менімен бірге көптеген жас мамандар жұмыс істеді. Адам неше жерден педагогикалық жоғары оқу орнын бітірседе, неше жерден дарынды болсада, егер о жақсы тәжірибеден пайда алмаса, ол ешқашан жақсы педагог бола алмайтынына

көзім жетті. Мен тәжірибелі педагогтарда оқыдым. А.С.Макаренко.

Ойын: «Сиқырлы қалпақ»

Мақсаты: Тәрбиешілердің әртүрлі сұрақтарға жауап беру арқылы, ортада өзін еркін ұстауына мүмкіндік жасау.

Шарты: Әуен ойналғанша қалпақты шеңбер бойымен жібереміз, әуен тоқтағанда кімнің қолында қалпақ болса, басына киіп сұраққа жауап береді де, сұраққа жауап берген тәрбиеші ойыннан шығып тұрады.

Сұрақтар:

1.«Біз мектепке барамыз» бағдарламасындағы базистік оқу жоспарына сәйкес сабақ ұзақтығы қанша минутты құрайды?

Жауабы:25-30 минут

2.Мектепке дейінгі 1 жастан бастап 3 жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту арналған бағдарламаның атауын атаңыз?

Жауабы: «Алғашқы қадам» бағдарламасы

3.Мектепке дейінгі 3 жастан бастап 5 жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту арналған бағдарламаның атауын атаңыз?

Жауабы: «Зерек» бағдарламасы

4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша оқу жүктемесіндегі білім салаларын атаңыз?

Жауабы: «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеуметтік орта

5. «Индикатор» дегеніміз не?

Жауабы: Баланың даму процесі

6. «Инновация» дегеніміз не?

Жауабы: Латын тілінде – жаңарту, жаңалық өзгеріс деген түсінікті білдіреді.

7.«Технология» дегеніміз не?

Жауабы: Грек тілінен алғанда «техне»- өнер, кәсіп, ғылым; «логос» ұғым,оқу деген түсінікті білдіреді

Психотехникалық жаттығу «АЙНА»

Мақсаты: Бір - бірімен өзара қарым қатынастарын дамыту.

Шарты: Бір біріне қарама қарсы екі шеңбер жасап тұрамыз. «Ішкі, сыртқы шеңбер» Бірінші ішкі шеңберде тұрған адам музыка ырғағымен бір қимыл көрсетеді. Екінші сыртқы шеңбердегі адам сол қимылды қайталайды. Енді екінші сыртқы шеңбердегі адам музыка ырғағымен бір қимыл көрсетеді. Бірінші ішкі шеңбердегі тұрған адам қайталайды.

Теоретикалық кіріспе: «Қиын ата-аналармен әңгімелесу негізін қалыптастыру.»
Мектепке дейінгі мекемедегі кез-келген маман «қиын» ата-аналармен қалай сөйлесу

керектігін біледі.

Қандай ата-аналарды «қиын» деп айтуға болады. (Қатысушылар өз пікірлерін айтады)
Қиын ата-аналар:

Агрессияшыл, жанжалды, бала тәрбиесіндегі ата-ана әлсіздігін көрсететін: «Біз жұмыс істейміз, біздің қолымыз тимейді» «Сіз тәрбиешісіз, педагогсыз, баланы тәрбиелеу және оқыту сіздің міндетіңіз».

Ал, сасқалақтау ата-аналар педагогтан көмек сұрайды: «Бала бізді тыңдамайды, не істеймізді білмейміз, бізге көмек беріңізші!»

Жаңа бастаған тәжірибесі жоқ маман өзінің дербестігін көрсете алмайды, ондай ата-аналар жас маманның сенімсіздігін пайдаланып, осыдан құрылымдық әңгіме іске аспайды.

Тәрбиешінің ата-аналармен қарым-қатынаста болудың негізгі мақсаты – баланың нақты мәселесін шешу үшін бірлесіп жұмыс істеу. (программадан қалып қою, наша тәртіп).

Бірінші қатынас кезінде ата-аналардан жағымсыз эмоциялық қуат алмау. Тәжірибесі көрсеткенде ата-ана өз пікірін, назарлығын білдіргенше 10-15 минут шыдап тыңдау. Егер «агрессияшыл» ата-ана айтып жатса, оны үн – түнсіз тыңдау, байсалды, сенімділікке пейілдікті жоғалтпау керек. Ал егер шағымданап жататын ата-ана болса, онда әңгімелесушіге ақырын басын изеп, бейтарап сөйлемей қою керек. «Мен сізді тыңдап тұрмын» «Мен сізді түсінемін» «Тынышталыңыз»

Сіздің бейтарап ұстанымызды ата-ана көріп оның эмоциялары жанады және сөнеді. Ақыры аяғында ол тынышталады және сізбен сөйлесу үшін психологиялық дайындық қалыптастырады.